

«Сыйлыққа стақандар» НАУҚАНЫНЫҢ РЕСМИ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы

«23» қараша 2023 ж.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер «Сыйлыққа стақандар» науқанын (бұдан ары қарай – **«Науқан»**) өткізу тәртібі мен шарттарын анықтайды. Науқанға қатысу тегін. Науқан құмар ойын емес және қандай да бір құмар ойын түрінде қолданылмайды.
2. Науқанды ұйымдастырушы – **«Food Solutions KZ» ЖШС** (бұдан ары қарай – **«Ұйымдастырушы»**), орналасқан мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Тимирязев көшесі, 18 «А».

2. Осы Ережелер мәтінінде қолданылатын терминдердің анықталуы.

- 2.1. Науқан қатысушысы** – осы Ережелердің 4-т. бекітілген іс-әрекеттерді орындаған және осы Ережелердің барлық талабына сай келетін ұйымдастырушы мейрамханаларының кез келген қонағы, соның ішінде мейрамхана мен компания қызметкерлері.
- 2.2. Сыйлық** – Осы Ережелердің 2.1-т. сәйкес Науқан Жеңімпазына берілетін сыйлық – **Coca-Cola® символы бар сыйлық стақандары**;

3. Науқан жүретін кезең

- 3.1.** Науқанның өткізілу кезеңі: соңғы күнді қоса, 23.11.2023 ж. – 31.12.2023 ж.;
- 3.2.** Ұйымдастырушы кез келген уақытта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған жолдармен Науқанның мерзімі, жүлде қоры және өткізу шарттарын толықтыру және/немесе өзгерту, сонымен қатар Науқан жүргізуді тұтастай немесе бір бөлігін тоқтату, уақытша тоқтата тұру, болдырмау құқығына ие. Елеулі өзгерістер туралы ақпарат <https://im.kz> веб-сайтында жарияланады.

4. Науқанға қатысу шарттары

- 4.1.** Науқанға кез келген Қазақстан Республикасының азаматы, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын тұлғалар қатыса алады.

4.2. Науқанға қатысу үшін:

23.11.2023 ж. – 31.12.2023 ж. аралығында мейрамхана ашылған сәттен бастап (мейрамхананың жұмыс уақыты бойынша):

- Ұйымдастырушының мейрамханасында келесі тәсілдердің бірі арқылы екі үлкейтілген Combo-ға тапсырыс беру:
 - мейрамхана залындағы кассада
 - драйвында
 - өз-өзіне қызмет көрсету киоскісінде
 - жеткізуге тапсырыс бергенде

Әрі қарай жиырма төрт мейрамхананың бірінде кассада сатыпалым чегін көрсету қажет болады. Чекті көрсеткеннен кейін Сізге Coca-Cola-дан стақандар түрінде жүлделер береді;

- Осы Ережелермен танысу;
- Заңнама талаптарын, банк төлем карталарын қолдану ережелерін сақтау;
- Науқан жүретін мерзім ішінде Науқан қатысушысы арнайы науқан ұсынысын шарттарына сәйкес өнімді сатып алған күнде бір рет қана алуға болады, арнайы науқандық ұсынысты алу үшін чекті қайтадан қолдануға болмайды және оған рұқсат етілмейді.

4.3. Науқан Ұйымдастырушының жылдам қызмет көрсету мейрамханалар желісінде жүреді.

Алматы қ.

- Райымбек даңғ. 239Г
- Төле би көш., 41, (Қонаев к-сінің қиылысында)
- Минин көш., 14/1 (Бұхар Жырау - Байтұрсынов)
- Мамыр-4 ықшам аудан, 197 үй
- Мақатаев көш., 127/1 | Сейфуллин даңғ, 483 (фудкорт аумағы)
- Розыбакиев көш. 247а
- Мұстафин көш., 5а
- Аксай-2 ықшам ауданы, 8 "А"
- Шевченко көш., 85А (Сейфуллин көшелерін қиылысында)
- Тимирязева көш., 38/3
- Ташкент даңғыл жолы, 17 "К" (Райымбек даңғ.), "Aport Mall" ОСК
- Маршак көшесі, 151
- Сейфуллин даңғ. 9В
-

Астана қ.:

- Қабанбай батыр 26 даңғ.
- Петров көшесі 24 Г
- Сарыарқа даңғ., 9 "Д"
- Богенбай батыр даңғ., 49, Әуезов көш., қиылысы
- Қабанбай батыр 62, Mega Silk Way COO
- Достық 9 көш., "Керуен" COO
- «Байқоңыр» ауданы, ул. Өндіріс 96

Ақтөбе қ.:

- Әбілхайыр Хан көш., 96

Қостанай қ.:

- Тәуелсіздік көш., 41

Атырау қ.:

- Қаныш Сәтпаев, 52а даңғылы

Қарағанды қ:

- Бұқар-Жырау даңғ., 75/14

4.4. Науқанға қатысуға мыналар негіз бола алмайды:

- Үлкейтілген порцияның орнына стандартты Combo порциясын сатып алу;
- Үлкейтілген Combo-ның әр өнімін жеке-жеке сатып алу;
- Акциялық ұсынысқа кіретін позицияны қоспағанда, Ұйымдастырушының мейрамханалар желісінен кез келген сомаға кез келген басқа затты сатып алу.

4.5. Науқанға қатыса отырып Науқан Қатысушысы Ережелермен танысқанын және оның шарттарымен келісетінін растайды.

5. Сыйлықты алу тәртібі

5.1. Сыйлық алу үшін мына шарттарды орындау қажет:

- **Күнделікті 23.11.2023 ж. – 31.12.2023 ж** аралығында мейрамхана ашылған сәттен бастап (мейрамхананың жұмыс уақыты бойынша) Ұйымдастырушының жылдам қызмет көрсету мейрамханалары желісінде мейрамхана мәзіріндегі арнайы науқан ұсынысын қолдана отырып тапсырыс беру.

5.2. Науқан Сыйлығын оны алу құқығына ие болған және тек осы Ережелерде көрсетілген шарттар аясында Науқан Қатысушысы ала алады.

5.3. Мейрамхана залындағы кассада немесе ГМ Drive-та сауда жасағанда: сатып алушы мейрамхана сөресінде беру аймағында немесе ГМ Drive-та қызмет көрсету кезінде беру терезесінде тапсырысты алған сәтте «Coca-Cola®» символы бар стақанды алады.

5.4. Өзіне-өзі қызмет көрсету киоскісінде сауда жасағанда: сатып алушы сөреде беру аймағында тапсырысты алған сәтте «Coca-Cola®» символы бар стақанды алады, бұл ретте сатып алушы сыйлық алғанын растайтын арнайы мөртабанмен оны белгілеу үшін чекті көрсетуі тиіс.

5.5. Арнайы науқандық ұсынысты қолдану нәтижесінде алған бір чек бойынша сыйлыққа символы бар стақанды Науқан шарттарына сәйкес өнімді сатып алған күнде бір рет қана алуға болады, арнайы науқандық ұсынысты алу үшін чекті қайтадан қолдануға болмайды және оған рұқсат етілмейді.

5.6. Арнайы мөртабанмен басылған, зақымдалған және фискалдық емес чектер Науқанға қатыса алмайды.

5.7. Науқан Сыйлығы айырбасталмайды және қайтарылмайды.

5.8. Сыйлықтың құнын ақшалай түрде немесе басқадай бағамен беру мүмкін емес.

5.9. Тағамның сыртқы түрі Науқанның жарнамалық материалдарындағы суреттен өзгеше болуы мүмкін.

5.10. Науқан Ұйымдастырушысы Науқанның Сыйлық Қорының жалпы көлемін ұлғайту немесе кеміту немесе Науқанға осы Ережелерде қарастырылмаған қосымша Сыйлықтар қосу құқығын өзіне қалдырады. Мұндай өзгерістер орын алса, Ұйымдастырушы ол туралы осы Ережелерде көрсетілген тәртіп аясында хабарлайды.

6. Науқан қатысушысының құқықтары мен міндеттері

6.1. Науқан Қатысушысының құқықтары:

- Ережелермен танысу.
- Осы Ережелерде көрсетілген тәртіп бойынша Науқанға қатысу.

- Ережелердің өзгеруі туралы ақпарат алу.

6.2. Науқан қатысушысының міндеттері:

- Осы Ережелердің шарттарын орындау.
- Науқан Қатысушысы Науқан Сыйлықтарының бірін алу құқығына ие болды деп анықталған жағдайда Қатысушы осы Ережелердің 4-тармағында көрсетілген барлық іс-әрекетті орындауға міндетті.
- Ұйымдастырушыға Науқан туралы жарнамалық ақпарат тарату уақытында Қатысушының бейнесін, дербес мәліметтерін, фотосуреттерін, сұхбатын және басқадай Қатысушының Науқанға қатысуына қатысты мәліметтерді мерзім және аумақ бойынша ешқандай шектеусіз, сонымен қатар мұндай қолданыс үшін қандай да бір ақы төленуінсіз беру.

7. Науқан ұйымдастырушысының құқықтары мен міндеттері

7.1. Ұйымдастырушы міндеттері:

- Науқанды осы Ережелерге сәйкес өткізу.
- Осы Ережелердің 4-тармағына сәйкес барлық шартты дұрыс орындаған Науқан Қатысушыларының бәріне Сыйлық беру;

7.2. Ұйымдастырушы құқықтары:

- Ұйымдастырушы Науқанның осы ережелерінде және ҚР қолданыстағы заңнамасында қарастырылған барлық құқықты қолданады.
- Ұйымдастырушы осы Ережелердің 4-тармағында көрсетілген барлық шартты дұрыс және толыққанды орындамаған Қатысушыға Сыйлық беруден бас тартуға құқылы.
- Науқанның осы ережелеріндегі талаптарға сай келмейтін Қатысушыға Сыйлық беруден бас тартуға құқылы.
- Ұйымдастырушы Сыйлық беру үшін тұлғаның жеке басын анықтайтын қосымша құжаттар сұрату құқығын өзіне қалдырады.

8. Науқанның мерзімі және өту шарттары туралы қатысушыларды хабардар қылу жолдары мен тәртібі

8.1. Науқанға қатысатын және қатысуы мүмкін тұлғаларды Науқанның өту тәртібі мен шарттары туралы ақпараттандыру осы Ережелерді және Науқан туралы ақпаратты Науқанның осы Ережелердің 3.1-тармағында көрсетілген өту мерзімі аясында жариялау арқылы жүреді.

8.2. Науқан ұйымдастырушысы осы Ережелерге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Науқанды өткізу мерзімі жалғасқан немесе Ережелерде басқадай өзгерістер болған жағдайда Ұйымдастырушы бұл өзгерістер мен жаңа Ережелерді жариялайды.

9. Бейнелерді қолдану мен контент модерациясы

9.1. Қатысушы Науқанға қатысу туралы шешім қабылдай отырып, оның өз еркімен берген ақпаратын Ұйымдастырушының, оның уәкілетті өкілінің (осы Ережелерге сәйкес міндеттерін орындау және (немесе) жарнама жүргізу үшін жарнама агенттіктеріне ұсыну мақсатында) өңдеуіне және оған Қатысушының қосымша келісімі қажет еместігіне, ол үшін Қатысушыға қандай да бір ақы төленбейтініне келісім береді.

10. Басқа шарттар

10.1. Науқан Қатысушысы Науқанның осы Ережелерін орындамаған жағдайда оған Сыйлық берілмейді.

10.2. Науқан жүргізуге қатысты барлық мәселе туралы Ұйымдастырушы шешімі ақтық болып саналады және қайта қаралмайды.

10.3. Осы Ережелердің 8-тармағында қарастырылған тәртіп бойынша Ұйымдастырушы Науқан туралы қосымша ақпарат жариялау құқығын өзіне қалдырады.

10.4. Ұйымдастырушы мына жағдайларда Науқан Сыйлығын беруді уақытша тоқтатуға немесе мүлдем бас тартуға құқылы:

- Егер қатысушы Ұйымдастырушыға Ережелерде қарастырылған ақпаратты толық бермесе;
- Егер қатысушы Науқанның осы Ережелеріндегі өзгедей талаптарды, сонымен қатар, ҚР қолданыстағы заңнамасында қарастырылған басқа да шарттарды бұзса;
- Егер ұйымдастырушыда Қатысушының науқанға адал және әділ түрде қатысуына қатысты қандай да бір күдік-күмән туындаса.

10.5. Сыйлық алған сәттен бастап Қатысушы оның кездейсоқ жоғалуы немесе бүлінуіне қатысты барлық жауапкершілікті өз мойнына алады. Ұйымдастырушыға Қатысушыға берілген Сыйлықтың ары қарайғы қолданылуына байланысты қандай да бір жауапкершілік жүктелмейді.

10.6. Ұйымдастырушы Науқан Қатысушысымен жазбаша келіссөз жүргізбеу немесе басқадай байланыс жолдарын қолданбау құқығын өзіне қалдырады.

10.7. Науқан Қатысушысы Науқанға қатыса отырып, осы Ережелермен танысқанын және онымен толықтай келісетінін растайды.

10.8. Науқанға қатысу барысында әр Қатысушы оның өзі туралы Ұйымдастырушыға берген ақпаратының маркетингтік және/немесе басқадай мақсатта Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына кереғар болмайтын әдістермен (оның ішінде үшінші тұлғаларға беру кіреді), жекелей алғанда, Қатысушының есімін, тегін, бейнесін, ол туралы сұхбат немесе басқадай материалдарды жарнама / маркетинг мақсатын қоса алғанда, бірақ тек мұнымен шектелмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, кез келген баспа, аудио- және видеоматериалдарда, БАҚ-тағы сұхбатта, ақпарат және хабарлама беру және тағы басқа мақсатта (жарнамалау мақсатын қоса алғанда) аумақ, уақыт және пайдалану әдісі бойынша қандай да бір шектеу қойылмастан жариялау құқығын (Қатысушының аты-жөні мен бейнесін қоса алғанда) қолдануына келісімін беретінін растайды және мұндай қолданыс үшін Ұйымдастырушы және / немесе кез келген үшінші тұлға тарапынан ақы берілмейді. Мұндай келісім беру ҚР Азаматтық заңнамасы және ҚР «Дербес мәліметтер және оларды қорғау туралы» заңы аясында қарастырылады.

- 10.9.** «Алудан бас тарту» себебі бойынша Сыйлық қайтарылған жағдайда ол Қатысушыға қайта берілмейді. Мұндай Сыйлықтардың берілмеуі туралы сын-пікірлер қабылданбайды.
- 10.10.** Қандай бір себепке байланысты осы Науқанның кез келген сәтін жоспарға сәйкес жүргізу мүмкін болмаса және мұндай жағдай компьютер вирустарының жұғуы, Интернет желісіндегі жұмыс ақауы, дефектілер, манипуляциялар, заңсыз араласу, фальсификация, техникалық ақаулар және басқадай Ұйымдастырушы бақылап, басқара алмайтын себептерге байланысты туындаса, салдарынан Науқанның орындалуы, қауіпсіздігі, әділ өтуі, бүтіндігі және дұрыс өтуі өзгерсе немесе қандай да бір ықпал туындаса, Ұйымдастырушы Науқан жүргізуді өз еркіне орай жоюға, тоқтатуға, өзгертуге немесе уақытша тоқтатуға құқылы.
- 10.11.** Науқанның барлық Қатысушысы осы Науқанға қатысуға байланысты келген шығындардың бәрін өз бетінше төлейді.
- 10.12.** Науқанның барлық нәтижесі мен Ұйымдастырушының шешімі ақтық болып саналады және қайта қарастыруға, шағымдануға жатпайды.